


1.2005
9442 к



Жыр
жазунары

Төлеген
АЙБЕРГЕНОВ

*Мен сазан
зашык едім*




PUBLISHING
COMPANY Ltd

Төлөгөн Айбергенов

*Мен сазан
зашык, едім*

Өлеңдер

Алматы
«Раритет»
2005



WILDFLOWER CONSERVATION



12005/944215



Жыр
жаунары

Төлеген
АЙБЕРГЕНОВ

SPR 84902-2
AE

*Мен сазан
зашык едім*

Нұсқаулық
АДАМЫ КӨП

Кодекс 033-93-1-2

Абай 1

Олеңдер

ББК 84Каз7-5

A31

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі бағдарламасы бойынша шығарылды**

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

**Зейнолла СЕРИКҚАЛИҰЛЫНЫҢ
«АЛТЫН ҚОР» кітапханасы**

Көркем безендірмесі негізін салған Александр Тленшиев

Айбергенов Т.

**A31 Мен саған ғашық едім: Өлеңдер. — Алматы:
Раритет, 2005. — 192 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.**

ISBN 9965-663-81-5

Өткен ғасырдағы (ХХ) өршіл де асқақ, ең рухты поэзия
корнекті өкілдерінің бірегейі болып қалған ақынның бұлағай
бұлттай, тасыған теңіздей, ағыл-тегіл носердей өлеңдері топ-
талған бұл жинағы жырсүйер қауым жата-жастының оқитын
ырысты басылым болады деп ойлаймыз.

**A 4702250202-11
413(05)-05**

ББК 84Каз7-5

ISBN 9965-663-81-5

**© «Раритет» БК, 2005
© Безендірген Б. Серікбай, 2005**

ӨМІР ШАТТЫҒЫНЫҢ ЖЫРЫ

* * *

...Амал бар ма, біз, қазақ әдебиеті, екі-үш дарыннан ерте айрылдық. Олар — Абдолла, Баубек, Төлеген.

Фабит МҮСІРЕПОВ

* * *

...Біз поэзиямыздың тағы бір алтын тұтқасын аштық. Аштық та, Төлеген дүниесін көрдік.

Әбділда ТӘЖІБАЕВ

* * *

Төлеген өмірінің де, ақындық шабытының да «жисырма бесінде» қайтыс болды. Бірақ бұндай ақынның екінші өмірі ұзақ болады. Оның өлеңдері халқына, үрпақтарға рухани күш һәм ләззат беріп жасайды.

Ұбырайым ЮСУПОВ

* * *

...Төлеген, сөз жоқ, талант. Дара талант, сара талант... Т.Айбергенов творчествосы — өлімді жеңіп шыққан өмір шатығының жыры.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

* * *

...Әртүрлі гүлзарларымен, даланың самалымен, жусанның іісі, таудың бұлагымен — өзімен өзі тыныш жатқан поэзиясының қалғымалы тірлігіне кенет көтерілген мұхиттың жалжал толқындарындағы ағысты екпінмен әсер еткен Айбергенов поэзиясы қазақ өлеңінің өресін биікке көтереді.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

* * *

...Ақынның асқақ жырын гажайып ғулама жылдардың шежірелі беттерінде сөйлем тұрган сырға балап, осынау сыр жылдар парагы аударылғанда жабылып кетуі мүмкін екенін тыңдан тауып айту арқылы өлімнің өзін сylqым образга айналдырган Айбергенов өлеңдеріндегі су жаңа нұсқалықты әпитет қолегейлеп, көрсетпей тұрган жок, қайта айқынданап, аша туғын тұр.

* * *

...Мениңше, Төлегенниң нағыз ақындық дарынын танытқан кезі «Маңқыстау саздары» деп аталатын жырларын жазған тұсы тәрізді. «Сырласу», «Шевченко — мұнай ордасы», «Мұнараттар», «Төстегі жаңғырықтар». «Құйлер», «Ей, мениң ақын бауырым» деген романтикалық пафосқа толы өлеңдердің әрқайсысы қазіргі қазақ поэзиясының ең таңдаулы нұсқалары десек, асырып айтқан болмас еді.

Қуандық ШАНҒЫТБАЕВ

ӨЛЕҢДЕР

КЕГЕЙЛІ ДӘПТЕРІНЕН

Кегейлім жердің еркесі,
Жас жаңым толқып түр менің.
Бердақтың¹ сүйген өлкесі,
Ажнияз² айтқан жыр ма едің?!

Қаһарман мынау халықтың
Серти де сенің бетінде.
Еңбектен өскен алыптың
Көркі де сенің бетінде.

Әлемнің жүзін селдетken
Жаңбыр күй сенің бетінде.
Далаңың төсін гүлдетken
Алғыр ой сенің бетінде.

Өзінді көріп кеудеме
Дұрсілі қонып жүз аттың,
Осынау сұлу өлкене
Өлеңнің қызын ұзаттым...

Жоныңда әкем жорға атпен
Жортып бір өткен Кегейлі,
Атаның жолын жалғап мен
Елтіп бір жеткен Кегейлі.

¹⁻² Бердақ, Ажнияз — қарақалпақ әдебиетінің классиктері.

Қырында анам қыз күнін
Қыздырып өткен Кегейлі.
Келем деп қайтып, тұз гүлін
Үздіріп кеткен Кегейлі!..

Су алған сайда әжемнің
Сыргасы қалған Кегейлі,
Сырласы қалған Кегейлі,
Мұндасы қалған Кегейлі.

Әмудің арғы бетінен
Арқалап келдім көп ойды.
Жүректің ыстық отымен,
Мархабат, қарсы ал, Кегейлі!

Көркімді көріп қуанған
Баладай кемпір-шалдар-ай,
Алыстан келген нарлар-ай,
Арыстан кеуде жандар-ай.

Жаралу шарт па егіз боп,
Тұысқа мен де ғашық ем.
Тербеліп кеттім теңіз боп,
Сүйдім де көздің жасымен.

Анаммен тұстас болғандар,
Әкеммен қику салғандар,
Мендеңі ыстық сәлемді ал,
Мендеңі ыстық арманды ал.

Жанассан жанда жаз қалар,
Жарқырай түскен жарықтар.
Қазылмай жатқан қазбалар,
Жазылмай жатқан тарихтар.

Тастыңдар неге бұлақтай,
Өзен-ой басын сағалап?
Жалынға тиген сынаптай,
Жастарың кетті домалап.

Жоқ ем гой кірбің әкелген,
Бар еді қандай сыр мұнда!
Жан досың болған әкемнен
Айнымай қалып тұрмын ба?

Шаттыққа толы шақтарды ең
Өткіздім сенде, қыр бастым.
Сыбырлап тұрған бақтармен
Сыбырлап тұрып сырластым.

Көңілі көктем кең кеуде
Ағаймен пікір алыстым.
Жаз келбет жарқын жеңгейге
Әзілімді айтып таныстым...

Жүректе өкпе-назың жок,
Күшті едің, шіркін, ой, неткен!
Көрінді маған алыс боп
Қасымда тұрған бойжеткен.

Қайтейін, жаны пәк достар,
Бозбала күндер етті ғой.
Сақылдан күлген көп қыздар
Арман боп қалып кетті ғой...

АДАМДАР

О, адамдар, біргемін мен сендермен,
Ықыласыңа ешнәрсені теңгермен.
Сендер менің бақыттыңың бұлағы,
Сендер менің дарыныма жел берген.

Өздеріңмен өмір шыңын бірге астым,
Жарты құртты бөліп жедім, сырластым.
Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,
Рақатын ойлау үшін бір бастың.

Гүлстанға айналдырған тақырды
Болат қолдар, алғыр милар ақылды,

Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді
Алар демім қалғанынша ақырғы.

Менің үшін бірдей тілің, жынысың,
Көбің ана, көбің аға-інісің.
Достық өскен, ерлік өскен ортана
Енген сайын кени түсер тынысым.

Не кездессе өздеріңмен көрмекпін
Қарапайым адамдары еңбектің!
Барлығын да бағыштар ем сендерге,
Махаббатын маған берсе жер-көктің.

* * *

Қолыңдан қала тұрса тас қаланып,
Құдіретіңе табынса аспан алып,
Сен жасаған бақытты көріп тұрып,
Сені сүймеу не деген масқаралық.

Алдынан көрген емес жол кесіліп,
Келемін демеуіңмен өрге шығып.
О, адамдар, ғапу ет, шалыс бассам,
Кешіріндер, менікі пендешілік.

АЛМАТЫҒА

Жүрегіме жақын сенің есімің,
Әкем десем, анам десем, несі мін.
Жарқыраған көк тасында көшеңнің
Ізі қалған Сәкен бәтенкесінің.

Жамбыл жыры аспанында жаңғырып,
Өүеніне кетті әлемді таң қылып.
Алатаудың ақ шындары Күләшша
Күләш әнін қайталайды мәңгілік.

Жасыл барқыт жапырағы бақтардың,
Саянда жүр құрбылары Саттардың.
Осындағы талай залдар куәсі
Иса еліне жыр тыңдатқан шактардың.

Беу, Алматым, тұра алам ба сүйе алмай,
Келемін мен, келемін мен қиялдай.
Жас қаламым дірілдейді қиналып,
Сен жайлыштың ақ қағазға күя алмай...

САПАР

Көк самолет біз мінген
Көтеріле аспанға,
Мен де үқсадым әлемнің
Көк қақпасын ашқанға.

Алда қазақ даласы
Ару қырын гүл басқан.
Артта Арап жағасы
Әмүменен сырласқан.

Алда қазақ даласы
Сансызы малы шулаған.
Артта Арап жағасы
Ақ сазаны тулаған.

Қызың қылықпен бұралған
Жылу құйып жанға тың,
Құшак жайып түр алдан
Ай мандайлы Алматым.

Ойдың шолып тереңін,
Жарыса үшып желменен,
Аспанына өлеңнің
Алып үшып мен келем.

ӨСІП КЕЛЕ ЖАТЫРМЫН

Кеудесінде таулардың,
Кемесінде арманның,
Жалау етіп өрлікті,
Ескек етіп ерлікті,
Есіп келе жатырмын!

Адал терін өрдайым
Моншақтатып мандаійым...
Соқсын дауыл, соқпасын,
Қыындықтың көк тасын
Кесіп келе жатырмын.

Кейде Құнмен теңесем.
Таласып Құнмен мен өсем.
Гүл теремін жерімнен,
Бірге туған еліммен
Өсіп келе жатырмын!

* * *

Отті ғой, сәулем, ай талай,
Көрмедім қанша өзінді.
Қайталай берем, қайталай,
«Сүйемін» деген сөзінді.

Қайтейін жаным аңсады,
Сабыр да керек десек те.
Сағынған көздің моншағы
Шашылып жатыр төсекте...

* * *

Көктем — ол қуаныштың ізгі лебі,
Қызғалдақ қыздарға арнал үзіледі.
Аспанда жақсылықтың атын жазып,
Тырналар қатар-қатар тізіледі.

* * *

Қарай берші, аппағым,
Көңілімді қайтармай.
Көп қой менің айтпағым,
Жұрген саған айта алмай.

Көз тілімен, көріктім,
Көңіліңе салдым ба ой?
Лағындаі еліктің
Елең ете қалдың ғой.

АРАЛ ЖЫРЛАРЫ

Арал қызына

Қай жаны пәк жігіттің
Бақытына жаралдың,
Қарлығашы үміттің,
Ақ сазаны Аралдың?

Қызығалдақ па ең сен өлде
Көгеретін көктемде?
Қасқалдақ па ең сен өлде
Көлбендеңеген көк көлде?

Киялдаған Навоидың
Жоқ жары ма деп едім.
Қайта туған Абайдың
Тоғжаны ма деп едім.

Арта берсін мерейің,
Жайқала бер орман боп.
Несін айта берейін,
Көкіректе арман көп...

* * *

Сендергі жалғыз арпалыс
Қоздатып жатыр қанша арман.
Жағаңа біткен жар қамыс
Жамырап маган өн салған.

Шағалаң бейне тәбеден
Әуелеп үшқан ақ парак.
Аумаған толы көп өлең
Айдының фотоаппарат.

* * *

Ешқашан теңіз тілекпен
Андалпас сырын тас түйік.
Қарайсың оған қасқып,
Барасың оған бас қиып.

Әуелі көріп тепкілеп,
Теренге тастап бір байқар.
Жеткізбей үміт саргайтар,
Құмаған адам құр қайтар.

Үйреніп өмір бар заңын,
Өткізіп сыйнаң қанша мың,
Білген соң қымбат-арзанын,
Алдыңа тастар маржанын.

* * *

Шараңа суың сыймaston,
Тенселіп жатқан теңіzsің.
Тені жоқ ғажап күй-дастстан,
Тербелген ыстық лебіzsің.

Сілкіле құлай жаздатып,
Толқыныңменен қағып өт.
Жіберші мені маздатып,
Кеудеме жалын жағып от.

Бойында туған балаңмын,
Аяма, теңіз, барынды.

Арманын тыңдалап далаңның,
Алайын сенен бар үнді.

Жаңдардың мынау көнілді
Кемесін, теңіз, тербей біл.
Тербеліп жатқан өмірді
Тебіреніп сүйген ел ғой бұл...

* * *

Теңізге мынау қараши,
Жетпейді көздің шаrasы.
Кеткендей бол тұр астасып
Аспан мен жердің арасы.

Мұнда жоқ кінә-кеқ деген,
Мұнда жоқ шет пен шек деген.
Сан бақыт мұнда бұршіктеп,
Сан мұрат мұнда көктеген.

Оған жат қайғы-қасірет,
Айтары ерлік өсиет.
Теңіздің теңіз екенін
Тану да үлкен қасиет.

* * *

Көрмесе бір сәт «қайдалап»,
Тынымсыз жаны аңсаумен,
Сүйе ме анаң аймалап,
Айтшы сен, айтшы, жан сәулем.

Ана ғой жаны кең адам,
Сүйетін шығар есіркеп.
Артықтау сүйем мен одан.
Асықтау айтсам, кешір тек.

БАРСАКЕЛМЕС

Үрейлі сенің атың «Барсакелмес»,
Тұрады көз алдыңда қаншама елес.
Қысса да қандай сындар қыспағына,
Адамның жақсы үміті — аңсауы өлмес.

Надандық санасты сап шырмауына,
Жылдардың жол беріпті зырлауына,
«Пайдалы нәрсе бермес» «Барсакелмес»,
Ешбір жан қана алмаған сырларыңа.

Төсінде сан ғасырлар жан баспаған
Күрестер алмаспаған, жалғаспаған.
Бүгін мен Айға үшам деп тұрғанымда
Сен болдың жүргімде ән бастаған.

Сүйдім мен сені туған мекенім деп,
«Соры бар» сор топырақ шекерім бол,
Жанында жүріппін де, біліппін бе,
Койнында бай қазына екенін көп?!

Кешегі шексіз дала қаймақтаған,
Мұнайдың кені болдың аймақты алған.
Кейде мен бар бақыттым
Табанымның
Астында екен ғой деп ойлап қалам...

«Бұл неткен есімі елге запы мекен,
Әлде бір соқыр сезім аты ма екен», —
Деп саған көп қараушы ем,
Жанарымдай
Жаутандап мұнай толқып жатыр екен...

Еліммен дүниеге аян атым,
Жаным жоқ гүлдентуден аянатын.
Кендердің кезі келді
Мен ұстаған
Бұргының солқылынан оянатын.

Оятқан сол кендерді құрбылардың,
Мен талай ерлік ісін жыр қылармын,
Заман бұл дүйім халық
Найза емес,
Ұшымен бақыт тапқан бұрғылардың.

Жайнатқан «Ұшқұдықтың» нұрлы аспанын
Бәрі де мениң ағам, құрдастарым.
Өмірге қожа болып, дәуір жасап,
Қиыны, қызығы мол күн бастадым.

Жалғасқан зәулім көкке аспанымыз,
Білмейміз биіктеуден басқаны біз.
Уақыт алыс емес,
Әр ашылған
Жұлдызбен есептeler жастарымыз.

Толтырып тоғандарды жүлқи ағам,
Жүйткимін бір қияға бір қиядан.
Аспанға қанша метр биіктесем,
Жерге де сонша метр сұнғи алам.

Табынса ата-бабам Күн көзіне,
Ол оны санамаған мін де өзіне.
Ал мен ертең Шолпаннан көз тігемін
Күннен жарық Кремль күмбезіне.

Қалайша бүрқап ақпай басылам жай,
Басқа нұр көргенім жоқ асылы ондай.
Шашырап жатыр сәуле сол күмбезден
Мениң туған далама осынау бай.

Ойыма бала күннен бермей тыным,
«Барсакелмес» жанымды тербейтүғын.
Мен қуанам бүгінгі сол дала үшін
Барған адам келгісі келмейтүғын!

* * *

Күн — бикеш көкжиектен құлап кеткен,
Самал жел сыйырлайды құракты өпкен.
Сұнгітіп тереңіне жұлдыздарды,
Сақырлап қайнап жатыр бұлақ біткен.

Тосшы сен құлағынды аңдай қалып,
Барады кең дүние әнге айналып.
Нар қамыс сүйлеса жер бауырлап,
Бақалар тамсанады таңдай қағып...

* * *

Үқсаған қөктегі Ай асқан шамға —
Аспанға бейне шоқтан басқан таңба.
«Жұлдыздар жез шегедей жымындаған»
Шашылған ақ шекердей дастарқанға.

Көк әуе — көзі қыздың москвалық,
Бұлт жатыр биік таудан жастық алып.
Қаңтардың қалышылдаған қатты аязы
Барады тәнді үсітіп, тасты қарып.

Суытқан дала жатыр тымауратқан,
Мұртына теректердің қырау қатқан.
Айналып құғыншы жел жүгіріп жүр,
Әупілдең үрген иттей құр аулақтан.

Аяздан алма жүзі арайланып,
Жүр, әне, күзетші шал қора айналып.
Дәл қазір нені ойлап түр екен ол,
Телміріп бір нүктеге қарай қалып?..

ПЕРЗЕНТ ЖЫРЫ

Сен менің мәңгілікке өлмес атым,
Атымды ап алыс жылға жалғасатын.
Әкеде өсиет бар өмір жайлы,
Балада қасиет бар алға асатын.

Сен менің үшар басым биіктеген,
Жолыңа тапқанымды үйіп-төгем.

Сен менің дұрсілдеген жүргімсін,
Қай нәрсе сол жүректен сүйікті екен?

Сен мені өскен сайын ойландырып,
Зандарын табиғаттың ойға алдырып,
Бір қадам басқан сайын өзің мені
Барасың шежіреге айналдырып...

ТАҢ ЖЫРЫ

Аймалап ерке желі жан-денені,
Бозарып қылаң беріп таң келеді.
Малынып шығар Күннің шұғыласына,
Көк құрақ мың құбылып сәнденеді.

Ерке жел көк құрақты жапырады,
Жас талдың дірілдейді жапырағы.
Дүркірей қашқан асау, үркек өзен
Сарқырап көк қымызын сапырады.

Ағызып ән бұлағын таңдайынан,
Жас жігіт келеді, әне, мал қайырған.
Тігіліп сонша неге көп қарайды,
Көз алмай қыз жүргізген комбайыннан?

Айтса да жүрек сөзін сан үқтырып,
Қойды ма тындармай қыз зарықтырып?
Әлде ол жас жігітті сынай ма екен,
Жүрсе де адап жанын танып-біліп?

Әйтеуір жігіт оған көп қарайды,
Шырқалған асқақ ән де тоқтамайды.
Аспанға ұшар ма еді, қайтер еді,
Шарт қойса әпер деп қыз көктегі Айды?..

ДАЛА

Арманың ада болмас арна сенің,
Туган жер, сірә, сенің бар ма шегің?!

Сен үшін қызыл аяқ қырды кезіп,
Жалаң аяқ жар кешемін.

Шаттықтан мінген төбем шыңға айналып,
Тамырлар ток жүретін сымдай жанып,
Мен саған қарап тұрмын мың ойменен,
Көзім күліп, тіл байланып.

* * *

Отырмын тұнді жамылып,
Ауылда ояу мен ғана.
Самалын шайқап сапырып,
Кереді төсін кең дала.

Естіліп бәсең бақ шуы,
Төгеді нұрын жарық Ай.
Жаңбырдан қалған қақ сұы
Секілді сүйиқ сары май.

Нар болып жусап жатыр паң
Өркешті дала қыр-жоны.
Қиналтып мені отырған —
Қыыспай тұрған жыр жолы.

* * *

Бір көргеннен адам сыры байқалмас,
Байқаймын деп, бәлкім, ешкім айта алмас.
Кей жандар бар үйіп тұрған қатықтай,
Анау-мынау қозғағанға шайқалмас.

Көбінше оған аса көңіл бөлмейсің,
Бөлсөң де, оның терең сырын көрмейсің.
Сондықтан да көп жағдайда қасында
Жан сыры мол жан жүргенін білмейсің.